

**«Неміс тілі» пәні бойынша Ұлттық бірыңғай тестілеуге арналған**  
**тест спецификациясы**  
(2026 жылдан бастап қолдану үшін)

**Тест мақсаты:** Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарына қабылдау мақсатында түсушілердің дайындық деңгейлерін анықтау.

**Тест міндеті:** Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарында білім алуды жалғастыру үшін неміс тілі пәнінен білімді менгеру деңгейін бағалау.

**Тест мазмұны:** Тест мазмұны мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім беру стандарттарының (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бүйрығымен бекітілген) талаптарына сәйкес неміс тілі пәні бойынша негізгі материалдарды қамтиды.

№	Бөлім	№	Тақырып
01	Лексика мен орфография	01	Лексикалық бірліктер, синонимдер, антонимдер, көпмағыналы сөздер
02	Морфология	02	Етістік
		03	Қызметтік сөз таптары
		04	Зат есім
		05	Сын есім мен үстене
		06	Есімдік
		07	Сан есім
		08	Сөйлем
04	Синтаксис	09	Сөйлеу нормаларымен жұмыс
05	Оқылым	10	Мәтінмен жұмыс үстене

**Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қыындығы:**

Тесттегі тест тапсырмаларының қыындығы үш деңгейде берілген: базалық деңгейде (A) – 50 %, орташа деңгейде B – 30 %, жоғары деңгейде C – 20 %.

**Базалық деңгейдегі** тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

**Орташа деңгейдегі** тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

**Жоғары деңгейдегі** тест тапсырмалары негұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

**Тесттегі тест тапсырмаларының саны:**

Тест неміс тілі пәні бойынша 40 тест тапсырмасынан тұрады. Оның ішінде:

- 25 бір дұрыс жауапты тандауға арналған тест тапсырмасы;
- 5 бір дұрыс жауапты тандауға арналған тест тапсырмасынан тұратын 1 контекст;
- 5 бір немесе бірнеше дұрыс жауапты тандауға арналған тест тапсырмасы;
- 5 сәйкестікті анықтауға арналған тест тапсырмасы бар.

**Тапсырмалар мазмұнының сипаттамасы:**

Тест тапсырмалары түсушілердің неміс тілінен білімін, біліктілігі мен дағдыларын, игерген білімдерін өмірлік жағдайларда пайдалану құзыреттілігін тексеруге бағытталған.

**Тест тапсырмасын орындау уақыты:** тест тапсырмасының орындалу уақытының орташа ұзақтығы – 2 минутты құрайды.

**Жеке тест тапсырмаларының орындалуын бағалау:** тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау Үлттық бірыңғай тестілеуді өткізу Қағидаларының 18-тармағына (ҚР БФМ 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бүйрүгымен бекітілген) сәйкес жүзеге асырылады.

**Ұсынылатын әдебиеттер:** Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігімен бекітілген «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың және оқу-әдістемелік кешендердің тізбесі».